

Төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 24 шілде N 354-ө

Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының атом объектілерінде пайда болған төтенше жағдайға, ядролық және радиациялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық шарттар мен келісімдер бойынша Қазақстан Республикасы қабылдаған міндеттемелерді орындау қажеттілігіне байланысты және "Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының қызметін, сондай-ақ оның объектілерінде ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 30 сәуірдегі N 2968 N962968_ өкімін орындау үшін:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтік қорынан төтенше жағдайларды қаржыландыру үшін 145 (жуз қырық бес) млн. теңге, оның ішінде: <*>

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясына Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы үшін - Курчатов қаласындағы және Алатау поселкесіндегі реакторлық қондырғыларды техникалық және физикалық жағынан қорғауды күштейтуге және ядролық объектілерді халықаралық талаптарға сай келетін инженерлік-техникалық құралдармен жабдықтауға арнап 103 (жуз үш) млн. теңге бөлінсін; <*> <*> <*>

Семей облысының әкіміне - Курчатов қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының радиациялық қауіпті объектілері мен түрғын үй қорын жылумен және ыстық сумен қамтамасыз етуге (оны техникалық жағынан жарамды қүйге келтіре отырып) 42 (қырық екі) млн. теңге бөлінсін.

Ескерту. Өкімге өзгеріс енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің

1996.11.01. N 499 өкімімен. R960499_

ЕСКЕРТУ. Өкімнің екінші және үшінші абзацтары жаңа редакцияда

- ҚРУ-нің 1996.11.25. N 530 өкімімен. R960530_

ЕСКЕРТУ. 2, 3-абзацтарға өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1996.12.27.

N 586-ө өкімімен. R960586_

Премьер-Министр